

МРНТИ 18.15.61

**Тамара Жұмалиева<sup>1</sup>, Гүлмира Мұсағұлова<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы  
Қазақстан, Алматы**ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ  
РЕКТОРЫ ҚР ЕҢБЕК СІІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ АРМАН ӘДІЛХАНҰЛЫ  
ЖҮДЕБАЕВҚА ЖЕТІ СҰРАҚ****Аннотация**

Т. К. Жұмалиева мен Г. Ж. Мұсағұлованың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері А. А. Жүдебаевпен берген сұхбатында музыка өнері мен білім берудің маңызды стратегиялық мәселелері, атап айтқанда республиканың жетекші білім беру кластерінің негізгі жетістіктері қарастырылады. Кедесу үстінде айтылған оқу орнының маңызды құрамдас бөліктері, орындаушылық және ғылыми-білім беру форматы тұрғысынан көптеген мамандықтарды одан әрі жемісті дамытуға бағытталған маңызды процестер көрсетілген.

Авторлар барлық кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының, студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының беделді халықаралық және республикалық конкурстарға, фестивальдарға, симпозиумдарға, шеберлік сыныптарына, тағылымдамаларға және басқа да іс-шараларға қатысуы туралы мәліметтер берді. Олардың арасында музыкатанушыларды, менеджерлер мен орындаушыларды әлемдік деңгейге көтеруге ықпал ететін Австрия, Испания, Норвегия, Ресей, Әзірбайжан және басқа да жетекші музыкалық жоғары оқу орындарында біліктілігін арттыру бар. Оның басты мақсаты педагогикалық шеберлікті арттыру болып табылатын.

Танымал шетелдік орындаушылармен бірлескен шеберлік сыныптарына қатысуы туралы да ақпарат берілді. Атап айтқанда, олар - үшінші халықаралық «Camerata Tempo» камералық музыка фестивалі, халықаралық «III STRING MUSIC FESTIVAL» фестивалі, халықаралық «ZHASTAR» шығармашылық жастар фестивалі және т.б. бар. Сұхбат барысында қатысушылар қатарында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы бар Еуразиялық және Еуропалық Одақты қаржыландыратын «Erasmus+» халықаралық жобасының нәтижелері жазылады. Бірінші жоспарға консерватория әкімшілігінің белсенді қолдауымен білім алушылардың өз бастамалары ұсынылады, бұл жемісті нәтижелерге әкеледі.

**Түйінді сөздер:** консерватория, дәстүр, музыкалық өнер, білім беру, орындаушылық, конкурстар, фестивальдар, симпозиумдар, шеберлік сыныптар.

**Тамара Джумалиева<sup>1</sup>, Гүлмира Мусагулова<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Казахская национальная консерватория имени Курмангазы  
Алматы, Казахстан**СЕМЬ ВОПРОСОВ К РЕКТОРУ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КОНСЕРВАТОРИИ  
ИМЕНИ КУРМАНГАЗЫ ЗАСЛУЖЕННОМУ ДЕЯТЕЛЮ РК АРМАНУ АДІЛЬХАНОВИЧУ  
ЖҮДЕБАЕВУ****Аннотация**

В интервью Т.К. Джумалиевой и Г.Ж. Мусагуловой с ректором Казахской национальной консерватории имени Курмангазы Заслуженным деятелем РК А.А. Жудебаевым рассматриваются важные стратегические вопросы музыкального искусства и образования, в частности основные достижения ведущего образовательного кластера Республики. В процессе общения обозначены важные составляющие представленного учебного заведения, важных процессов, направленных на

дальнейшее плодотворное развитие многочисленных специальностей в разрезе исполнительского и научно-образовательного формата.

Авторами даны сведения об участии профессорско-преподавательского состава, студентов, магистрантов и докторантов всех кафедр на престижных Международных и Республиканских конкурсах, фестивалях, симпозиумах, мастер-классах, стажировках и других мероприятиях. Среди них повышение квалификации в ведущих музыкальных вузах Австрии, Испании, Норвегии, России, Азербайджана, и многие других, способствующее продвижению музыковедов, менеджеров и исполнителей на мировой уровень.

Также дана информация об их участии в совместных мастер-классах с известными зарубежными исполнителями, главной целью которых является повышение педагогического мастерства. Среди них - третий международный фестиваль камерной музыки «Camerata Tempo», международный фестиваль «III STRING MUSIC FESTIVAL», международный фестиваль творческой молодежи «ZHASTAR» и многие другие. В интервью прописываются результаты международного проекта «Erasmus+», финансирующего Евразийский и Европейский Союз, где Казахская национальная консерватория имени Курмангазы в числе участников. На первый план выдвигается инициатива самих обучающихся при активной поддержке администрации консерватории, что приводит к плодотворным результатам.

**Ключевые слова:** консерватория, традиции, музыкальное искусство, образование, исполнительство, конкурсы, фестивали, симпозиумы, мастер-классы.

*Tamara Dzhumaliev<sup>1</sup>, Gulmira Musagulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kurmangazy Kazakh National Conservatory  
Kazakhstan, Almaty*

## **FAMILY OF QUESTIONS TO THE RECTOR OF THE KAZAKH NATIONAL KURMANGAZY CONSERVATORY NAMED AFTER ARMAN ADILKHANOVICH ZHUDEBAEV**

### *Annotation*

In an interview with T. K. Dzhumaliev and G. Zh. Musagulova with the rector of the Kurmangazy Kazakh national Conservatory, Honored worker of the Republic of Kazakhstan A. A. Zhudebayev, important strategic issues of musical art and education are considered, in particular, the main achievements of the leading educational cluster of the Republic. In the process of communication, important components of the presented educational institution are identified, as well as important processes aimed at further fruitful development of numerous specialties in the context of performing and scientific-educational formats.

The authors provide information about the participation of teaching staff, students, undergraduates and doctoral students of all departments in prestigious International and National competitions, festivals, symposiums, master classes, internships and other events. Among them are professional development at leading music universities in Austria, Spain, Norway, Russia, Azerbaijan, and many others, which contributes to the promotion of musicologists, managers, and performers to the world level.

Information is also given about their participation in joint master classes with well-known foreign performers, the main goal of which is to improve their pedagogical skills. Among them - the third international chamber music festival «Camerata Tempo», the international festival «III STRING MUSIC FESTIVAL», the international festival of creative youth «ZHASTAR» and many others.

The interview describes the results of the international project «Erasmus+», which finances the Eurasian and European Union, where the Kazakh national Conservatory named after Kurmangazy is among the participants. The initiative of the students themselves is brought to the fore with the active support of the Conservatory administration, which leads to fruitful results.

**Keywords:** Conservatory, traditions, musical art, education, performance, competitions, festivals, symposiums, master classes.

— **Өткен жылы, 27-28 қарашада Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясы 75 жылдығын тойлады. Арман Әділханұлы ортақ биік шаңырағымыз үлкен мерекеге қандай жетістіктермен жетті?**

— Орынды сұрағыңызға рахмет. Қазақстан Республикасының әйгілі оқу ошағы мен музыкалық бренды болып табылатын консерваторияның 75-жылдық мерейтойы үлкен жетістіктермен ерекшеленіп, оның ұжымы қомақты іс-шаралар өткізді.

Әлемдік қауымдастықтың қарқын даму кезеңінде біздің жоғары оқу орнымыз беделді, бәсекеге қабілетті, барлық көрсеткіштер бойынша жоғары деңгейдегі оқу орны болуға күш салып келеді. Алда шынымен де оңайға соқпайтын міндеттер тұр, алайда жанкешті еңбек пен біздің ұстаздар, ғалымдар мен орындаушылық өнер шеберлерінің кәсіпқойлығы, сол міндеттердің табысты орындалуына септігін тигізетініне сенімдімін. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ашылғаннан осы сәтке дейін, алғашқы басшылар мен профессорлық-ұстаздық құрам, Республикамызға аса қажет жоғары кәсіби кадрлар дайындау және тәрбиелеу ісіне көп үлесін қосып келеді.

Консерваторияның басты құндылығы студенттер болып табылады. Жыл сайын ғылыми стажировкалардың географиясы өз шекарасын кеңейтуде. 2018-2019 жылдар ішінде 55 білім алушы мемлекеттік қаржыландырумен Әзірбайжан Ұлттық консерваториясы, Өзбекстан Мемлекеттік консерваториясы, Жиганов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясы, Узеир Гаджибеков атындағы Баку консерваториясы, ҚР Ғылым Академиясының Өнертану Институты, Сорбона университеті, Мәскеу консерваториясы, Рубин атындағы Иерусалим музыка және би академиясы және тағы да басқа оқу орындарында стажировкадан өтті.

Консерваторияда білім алушылар халықаралық және республикалық музыкалық байқауларға қатысу арқылы жоғары дәрежедегі жүлделі орындар мен лауреат атақтарын ала отырып, кәсіби дайындықтың жоғары деңгейде екендігін үнемі дәлелдеп келеді. Ағымдағы оқу жылында алыс-жақын шетелдердегі түрлі сипаттағы байқаулар мен олимпиадаларға біздің 146 студентіміз қатысып келді. Оның 9-ы Гран При иегері болса, 30 адам 1-ші орын, 49-ы екінші орын, 45-і үшінші орын алды. Яғни, жалпы алғанда өткен оқу жылында консерваторияның 91% білім алушысы республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Білім алушылар жатақханасының басты мәселелері, ақыры өз шешімін тапты. Жөндеу жұмыстары аяқталып, газ плита, кір жуғыш машина, жиһаз (шкаф және төсек орындар) және басқа да қажетті заттар алынды.

Ұстаздардың шеберліктерін асыруға жағдай туғызудың маңыздылығын сезіне отырып, алдыңғы оқу жылында консерваторияның қаржыландыруымен әр түрлі мамандықтардан 34 ұстаз Австрия, Норвегия, Ресей, Әзірбайжан, Қырғызстанның жетекші музыкалық жоғары оқу орындарында, соның ішінде Н.А. Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург консерваториясы, Гнесиндер атындағы Ресейлік музыка академиясы (Мәскеу қ.), Әзірбайжан Ұлттық консерваториясы (Баку қ.), П. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, Рубин атындағы Иерусалим музыка және би академиясында өз біліктіліктерін асырды.

Біздің ұстаздар мен білім алушылар өздерінің кәсіби деңгейлерін шыңдауға мүмкіндік беретін, танымал шетелдік музыканттардың қатысуымен өтетін шеберлік-сыныптар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Консерваторияда өткізілген «Camerata Tempo» камералық музыкасының Үшінші Халықаралық фестивалі (2-8 ақпан, 2019 ж.), «III STRING MUSIC FESTIVAL» халықаралық фестивалі (11-17 ақпан, 2019 ж.), «ZHASTAR» Халықаралық жастар шығармашылық фестивалі (25-28 қазан, 2018 ж.) ұстаздық шеберлікті арттыруға арналған алаң болды.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Еуразиялық Еуропалық Кеңес пен «Erasmus+» бағдарламасының офисі қаржыландыратын халықаралық жобаның қатысушысы болып табылады. Жоба мақсаты музыка мен өнер саласындағы жоғары білім алуды жаңарту әрі халықаралық деңгейде дәріптеу болып келеді. Жоба мақсаты аясында 2018 жылдың 14-26 қазан аралығында консерватория магистранттары Максимов Максим мен Шілдебаева Айдана қазақ композиторларының шығармалары орындалған Бакин

музыкалық академиясы мен Вано Сараджишвили атындағы Тбилиси мемлекеттік консерваториясының ұйымдастыруымен өткен концерттерге қатысты. 2019 жылдың мамыр айында Бергендегі Норвегия университетінің ұстаздары мен студенттерін өзіміздің қара шаңырағымызда қабылдадық. Біздің студенттер, «Хассак» және «Тұран» ансамбльдері мен норвегиялық музыканттар ұйымдасқан қызықты концерт өткізілді.

Консерваторияның профессорлік-ұстаздық құрамы мен білім алушылардың қызметінде ғылыми-зерттеу жұмыстар маңызды орын алады. Олар оқу бағдарламасымен тығыз сабақтасып, көбінесе ұлттық және әлемдік музыкалық мәдениет пен оның көрнекті өкілдерінің шығармашылығын зерттеуге арналған.

Алдыңғы оқу жылындағы осы саланың басты жетістіктері: республикалық және шетелдік рецензияланған журналдарда цитаталау факторының нөлдік көрсеткішімен мақалалар жариялау; ҚР ҒБМ гранттық қаржыландыруының аясында 2018-2020 жылдарға «Мәңгілік ел Ғылыми тұжырымдар» («Научные основы Мәңгілік ел») бағдары бойынша екі ғылыми жобаларды орындау жұмысын атқарып келеміз. ҚҰК-сы қызметінің жоғары көрсеткіштері 2019 жылы Тәуелсіз агенттігімен өткен аккредитациялау мен ұлттық рейтингінде растады. Оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының ТОП-20 Басты рейтингінде Консерватория 14 позицияны иеленсе, музыкалық өнер бағыттары ЖОО арасында 1 орын алды.

— ***Құрманғазы атындағы консерватория тамыз айында оқуға қабылдау жұмысын аяқтады. Арман Әділханұлы, 2020 жылдың абитуриенттері қандай әсер қалдырды?***

— Пандемияға қарамастан, 2020 жылғы қабылдау бөлімінің нәтижесі мемлекеттік тапсырыстың толық қамтылығымен расталады. Осы жылы ол 250 бакалавр, 37 магистрант және 2 докторанты құрады. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда, аймақтарды қамту үрдісі айқын: консерваторияға түсу мақсатымен абитуриенттер карантинге және жаңа онлайн форматқа қарамастан жақын орналасқан аймақтардан ғана емес, мемлекетіміздің солтүстік аймақтарынан да түсті.

Қазіргі уақытта шетелдік студенттер саны 20 адамды құрайды. Көбінесе ол постсоветтік өлкенің, әсіресе Орта Азияның (Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан), сонымен қатар Ресей Федерациясы мен Қытай Ұлттық Республикасының азаматтары болып келеді. 2019 жылы оқу орнымыз 264 түлек шығарды. Олардың, қазіргі кезде 211-і еңбекпен қамтылған, яғни жалпы пайыздық көрсеткіш 79,9% ды құрайды. Бакалавриат бойынша 223 түлектің 170- і жұмысқа орналасқан, яғни 76,2%. Магистратура мен докторантурада жұмыспен қамтылғандардың пайыздық көрсеткіші 100% ды құрайды.

Жалпы алғанда, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тапсырысы бойынша «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ өткізген мемлекеттің жоғары оқу орындар арасында еңбекпен қамту рейтингінде, консерватория Қазақстанның 101 жоғары оқу орындарының ішінде екінші орынға ие. Консерватория ерекше сұранысқа ие болып отыр. Бұл, оның қабырғасында есімдері, атағы мен алдыңғы қатардағы методикасы шығармашылық жастарды қызықтыратын атақты музыкант ұстаздар, орындаушылар, композиторлар мен музыкатанушылардың болуымен айқындалады. Бұл өте қуантарлық жағдай, себебі уақыт қазір басқа. Абитуриенттер таңдауға өте ұқыпты қарайды. Олар бірінші-екінші курста бола тұра республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие бола алады. Сонымен қатар үшінші курста оларға маңыздылығы өте ерекше, шет елде стажировкадан өту мүмкіндігі беріледі. Мұқият іріктеу басқаларды кәсіби тұрғыдан дамуға байсалдылықпен қарауға және шет тілдерді меңгеруге итермелейді.

— ***Мерейтой аясында қандай ісшаралар өтті?***

— Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның 75-жылдығы тек қана тарихы бай Қазақстанның жетекші музыкалық жоғары оқу орны ретінде ой түйіндеуді ғана емес, сонымен қатар музыкалық білім берудің үдерістері мен даму барысын талқылауды меңзейді. Консерватория құрылған кезден бастап қалыптасқан шығармашылық бағыттар ресейлік, еуразиялық, орта азиялық мектептермен тығыз байланысты. Заманауи кезең музыкалық білім алуды жаһандандырып, әлемдік деңгейде бірігуге әкеліп, жаңа заманда оқу барысының жаңаруын, ұлттық дәстүр мен ХХ ғасырдың мұрасын сақтауға міндет

қояды. Осыған орай, 27 қарашада Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдарының қатысуымен Халықаралық ғылыми-практикалық конференция және танымал отандық ғалым Б.И. Қарақұловты еске алуға арналған Дөңгелек үстел өткізілді.

Конференция аясында Қазақ ұлттық консерваториясының тарихына, республикадағы музыкалық білімнің рөліне, шығармашылық үрдістің қалыптасуында ұстаз-музыкант тұлғасының рөліне, жаңа технологиялар мен профессорлық-ұстаздық құрамның еңбегін көрсететін музыкант-профессионалды оқыту әдістеріне, әлеуметтік мәдени ортадағы музыкалық білім мен оның жаһандану және ұлтаралық қатынастарына байланысты көптеген мәселелер талқыланды.

28 қарашада Республика Сарайында студенттік ұжымдар мен солисттердің қатысуымен мерекелік-мерейтойлық концерт өтті. Бұл профессорлық-ұстаздық құрамның еңбегін және білім алушылардың дайындық деңгейін көрсететін өзіндік есеп беру болды.

**— Сіздің ойыңызша, ректорлық қызметтің басты міндеті қандай? Болашақта, музыкалық білім беру жүйесін не күтуде, оның өзгеруі күтілуде ме? Жоспар, ой және пікірлермен бөліссеңіз? Біз қай бағытта қозғалудамыз?**

— Ең бастысы және маңыздысы – өнердің қара шаңырағы болып табылатын консерватория дәстүрін, рухын, ахуалын сақтау керек. Консерватория қабырғасында бірлік, шығармашылық ынтымақтастық ахуал тудырып, табысты білім алу, тәжірибе жасау мен жаңалықтардың туындауына жағдай жасау керек. Алдыңғы музыканттар буыны бізге бай және мол дәстүрді мұра етіп қалдырды, бұл қабырғада студенттермен өнерді аса қастерлейтін көрнекті музыканттар дайындалды. Еске ала кетсек, консерваторияның ректорлары тек қана жоғары дәрежелі музыкант, ұстаз ғана емес, сонымен қатар ұлттық ой-сана мен табандылықты иеленген тұлғалар болды. Алғашқы ректорлардың бірі академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов – көрнекті композитор, музыкалық жазушы, фольклор зертеуші, дирижер, ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырушы, қоғам қайраткері, және бастысы, қазақстандық композиторлық мектептің бастаушысы. Кейіннен «ректорлық эстафетаның» жалғастырушылары ұлттық мәдениеттің, музыкалық білім берудің және тәрбиелеудің даму жолдарын көре алатын көрнекті музыка қайраткерлері – Құддыс Қожамиарұлы Қожамиаров, Еркеғали Рахмадиұлы Рахмадиев, Ғазиза Ахметқызы Жұбанова, Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов, Жания Яхияқызы Аубакирова болды. Бұл біздің алдымызға көп міндеттер қояды.

**— Біздің республикамызда екі музыкалық жоғары оқу орны бар. ҚР халық әртісі, профессор, Халықаралық жүлделердің лауреаты А. К. Мусаходжаева басқаратын Қазақ ұлттық өнер университеті мен Қазақ ұлттық консерваториясының арасындағы бәсекелестікке Сіз қалай қарайсыз?**

— Аса оң. Ол, Қазақстандағы музыкалық білім алудың дамуы мен жетілуіне бағытталған, ортақ қызығушылықтан туған достық ара-қатынас. Оның үстіне, біздің музыкалық оқу орындарымыз тығыз байланысты. Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның түлектері мен профессорлық-ұстаздық құрамы ҚазҰӨУ-нің өзегін құрайды. Бұл өте керемет сайыс: бәсекелестік - қуат жұмылдырғыш күш болып табылғандықтан әрдайым жақсы. Бұндай серіктестіктің тек жақсы қырлары бар - бірлескен концерттік шаралар өткізу, шеберлік сыныптар, ғылыми конференциялар, композиторлық фестивальдер, сайыстар және басқа да шаралармен, қарапайым адами ара-қатынасты атап өтемін.

**— Консерваторияда шығармашылық жағдай туындап, жас таланттардың қуатын күшін қыздыру үшін, өнерін көрсетуге және тұрақты жұмыс жасауға шабыттандырғыш күш қажет. Арман Әділханұлы, біздің студенттер мен магистранттарға арналған іске асырылмақ жаңа жоспарланған жобалар туралы айтып берсеңіз.**

— Біздің жоғары оқу орнымыз әрдайым Қазақстандағы жоғары кәсіби музыкалық білім берудің орталығы болды. Қазіргі кезде, шетелдік әріптестермен белсенді тәжірибе алмасу жүріп жатыр, көптеген ортақ бағдарламалар пайда болып жатыр. Бүгінгі таңда, ұстаздар мен студенттердің оқытушылық және орындаушылық қызметтерінің іске асуына мүмкіндік беретін концерттік кеңістіктер, ғылыми іс-шаралар өте көп. Студенттер мен

магистранттар, әлбетте беделді әр мемлекеттерде өткізілетін халықаралық сайыстарға пандемияға дейін көп қатысты, көбісі «Академиялық ұтқырлық» («Академическая мобильность») және басқа да бағдарламалар бойынша Польша мен Испанияда кәсіби тәжірибеленуден өтті. Норвегия, Литва, Болгарияның оқу орындарымен келісімдеріміз бар, ТМД мемлекеттер арасында шығармашылық ара-қатынастар орналасқан. «Рухани жаңғыру» («Духовная модернизация») бағдарламасының аясында келесі бағдарлар бойынша алты көлемді және маңызды жобалар жоспарланған, бірақ пандемия әсерінен кейбіреулері әлі де іске асырылады деген сенімдеміз – «Жанұя» («Семья») акциясы – «Қайырымды музыка» («Благотворительная музыка») атты қайырымдылық концерттер циклы, қазақ опера әншісі Күләш Байсейітованың шығармашылық жолы жайлы театрлық көрініс, консерваторияда Құрманғазы музейін ұйымдастыру, классикалық және дәстүрлі музыканы дәріптеуге арналған студенттік жастардың қатысуымен іске асқан флешмобтар, Құрманғазы атындағы консерваторияның ғылыми-зерттеу фольклорлық лабораториясының «Қазақстанның мәдени мұрасы» («Культурное наследие Казахстана») музыкалық-этнографиялық экспедициясы және музыкалық сайыс «Менің отбасым» («Моя семья»). Осы жобалардың төртеуі толықтай іске асты. Қалғаны өз уақытын күтуде. Қазақстанның дәстүрлі музыкасының алға басу жолының бір түрі, өсіп келе жатқан ұрпаққа терең рухани-өнегелі маңыз сыйлауды мақсат еткен, облыстықтан бастап халықаралық деңгейге дейінгі фестивальдер екендігі сөзсіз. Атап айтқанда, алдыңғы жылдың күзінде Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында, ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған «Бабадан аманат» («Завет предков») атты дәстүрлі музыка фестивалі өтті.

Фестиваль аясында «Дәстүрлі музыка: теория және тарих мәселелері» («Традиционная музыка: проблемы истории и теории») атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Атап айтарлығы, фестивальдің қатысушылары республикамыздың аймақтық ән айту және орындаушылық мектептерінің өкілдері – Қажыбек Бекбосынов, Абдулхамит Райымбергенов, Секен Тұрысбеков, Рамазан Стамғазиев, Айгүл Үлкенбаева, Айгүл Қосановалар болды. Құрметті қонақтар ретінде Алмас Алматов, Қатимолла Бердығалиев, Айтжан Тоқтаған, Абдымомын Желдібаев, Сержан Шақрат, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов сынды өнер қайраткерлері болды. «Ұлы даланың көне сарындары» («Древние напевы Великой степи») қазақ ұлттық музыкасының үлкен мерекесі Семей қаласынан басталды, және бұл жоба бойынша 2019 жылдың ішінде Қазақстанның облыстық орталықтарында айына екі фестивальдан өткізілді.

Осыған орай, Орталық Азиядағы ең ірі «The Spirit of Tengri» атты Халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалін еске алуға болады. Бұл – әлемнің Ethnoworld жанрындағы орындаушылары бас қосатын, Tengri FM радиостанциясымен ұйымдастырылған мультимәдени жоба. Ол жыл сайын ашық аспан астында, қазақ жерінде өнер көрсетіп жатқан заманауи этникалық музыканың әлемдік жұлдыздарының қатысуымен ғаламат дәрежеде өткізіледі. Тағы бір керемет жоба – «Астана-Арқау» атты, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен жыл сайын өткізілетін түркі дәстүрлі музыка фестивалі. Соңғы тоғыз жыл ішінде фестивальде бүкіл түркі халықтарының дәстүрлерін көрсететін 700-ге жуық музыканттар мен ғалымдар қатысты. Тұрақты қонақтары: Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Алтай, Башқортастан, Гагаузия, Хакасия, Саха, Татарстан, Тыва сияқты түркі ұлттық автономиялардың әншілері, орындаушылары мен зерттеушілері болып табылады. Бұл дістүрлі музыканы дәріптеу бағытындағы жобалардың шағын бөлігі ғана.

2019 жылдың көктемінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Сакен Сейфуллиннің 125 жылдығына орай өткізілген «Бабалар жолы – халқының мұрасы, ұрпаққа аманаты!» («Путь предков – наследие народа, завет потомкам!») атты Республикалық студенттік театрлық фестивальде, консерваторияның «Дебют» студенттік театры «Тар заманда тарихты түгендеген Ермахан Бекмаханов» («Ермахан Бекмаханов на пути исторической справедливости») пьесасымен «Ең жақсы көрініс» («Лучший спектакль») номинациясының бірінші премиясына ие болды. Осы

көріністе Ермахан Бекмахановтың жұбайы Халиманың рөлін сомдаған Нұрай Айтуарова «Ең жақсы әйел рөлі» («Лучшая женская роль») атағына номинацияланған.

Н. Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» («Семь граней Великой степи») мақаласында біздің үлкен мемлекетіміздің ауқымды тарихи және мәдени мұрасын қамтитын, осы заманауи әлемде жаңа бағдар құруға және оны жинақтап, таратуға арналған нақты шаралар қабылдауды ұсынды. «Дала халқының антологиясы» («Антология степного народа») және «Ұлы даланың көне есімдері» («Древние имена великой степи») атты мақалалар, және осы құжатта айтылған міндеттер белсенді іске асуда. Мақалада ұсынған міндеттерге байланысты, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының білікті мамандарының қатысуымен «Ұлы даланың көне сарындары» («Древние напевы Великой степи») бағдарламасы ұсынылды. Оның басты мақсаты ұлттық және жеке меншік мемлекеттік мұрағаттардағы қазақ халқының бай да көне музыкалық мұрасын сақтау болып табылады, ал аса құнды үлгілер жүйелі зерттеу арқылы ғылыми айналымға қосылады. Әзірлеушілердің ішінде Пернебек Шегебаев, Нұркен Әшіров, Бауыржан Бекмуханбетов, Талғат Мукушев, Саян Ақмолда, Мұрат Әбуғазы, Ардаби Мәулет, Гүлжан Сулеева сында танымал зерттеушілер мен орындаушылар бар. Дәстүрлі ұлттық мәдениетті жаңғырту, ұлттық үлгілерді дәріптеу жастардың қазақ халқының салт-дәстүрімен танысуға өзіндік ынта беретіне кәміл сенімдіміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы біздің жоғары оқу орнымыздың ғылыми қызметінде де белсенді іске асуда. «Жетік зерттеулер: жас мамандар көрінісіндегі музыкалық өнер» («Перспективные исследования: музыкальное искусство глазами молодых ученых») тақырыбындағы республикалық магистрлік оқулар, Александр Затаевичтің 150 жылдығы аясындағы «Музыкалық этнографиядағы тұлға, дәстүр, мәдениет» («Личность, традиция, культура в музыкальной этнографии») екінші жоғары оқу орындар аралық ғылыми-практикалық конференциялар ерекше көңілге ие. Көрнекті ғалым-этнограф А. Затаевичтің 150 жылдығына орай консерватория өткізген конференцияны ерекше атап өткім келеді. Бұл шара тек Қазақстанның ғана емес, басқа да мемлекеттердің ғылыми өмірі үшін маңызды оқиға болды. Оған дәстүрлі музыкасын зерттеу мәселелерімен айналысатын 100-ден аса ғалымдар қатысты – олардың ішінде П. И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, П. Владигеров атындағы Ұлттық музыка Академиясы (Болгария), Петер Пазмань атындағы Шығыстану институты (Венгрия), Ресейлік этнографиялық музей (Санкт-Петербург қ.) және басқа да жоғары оқу орындары, жақын және алыс шетелдердің ғылыми және шығармашылық мекемелерінің өкілдері қатысты. Сол жылы, әріптестермен бірге Мәскеу қаласында өткен, аталған, қазіргі заманның көрнекті ғалым-этнографына арналған конференцияда болып қайттық.

— *Сіздің консерваториялықтарға тілеңіз.*

— Менің тілегім аса айқын. Ол – бізге бұйырғанды сақтай отырып, сол байлықты көбейту, адамдық мәннің биігінде, өз уақытымыздың жетістіктер деңгейінде болуға тырысу. Біздің жарқын оқу орнымыздың студенттері толыққанды музыкалық білім алуына жағдай жасау. Мен үшін, домбырашы және оркестрдің дирижері ретінде, қазіргі заманғы музыкалық орындауды дамытудың басты векторының маңыздылығы, онда жетістіктерді көрсету дәстүрлі орындаушылықтың абыройын сақтайтындығы айқын және сөзсіз. Себебі, біздің халқымыздың бай, көпжанрлы музыкалық мәдениетін мемлекетімізден тыс алыс аймақтарда өрлету барысында, біз заманауи әлем белсенді өзгеріп отыратынын білуіміз керек. Бұл әрдайым өзімізге – адамзат өмірінде музыкалық өнердің рөлі қандай, музыканттардың қызметі қоғамда қандай орынға ие, жаһандану барысында ата-бабадан қалған ұлттық бірегейлікті қалай сақтау керек? – деген сияқты сұрақтар қоюға итермелейді. Осы мәселелердің бәрі ой түйуді қажет етеді, Республикамыздың өзекті, жемісті, қызықты, перспективалық мәдени жобаларын талқылау мен іске асыруды талап етеді. Сіздерге шабытты кездесулер мен қызықты жаңалықтар ашуды тілеймін!

— *Арман Әділханұлы, бай дәстүр, үлкен шығармашылық потенциал мен орасан зор жоспарлары бар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, бұрынғыша мемлекетіміздің жетекші музыкалық жоғары оқу орны, қазақстандық*

**музыкалық өнердің бастаушысы екенін айқындайтын сұхбат үшін үлкен алғыс білдіреміз!**

**Автор туралы мәлімет:**

**Жұмалиева Тамара Қажғалиевна** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры.

**Мұсағұлова Гүлмира Жақсыбекқызы** – өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры.

**Сведения об авторах:**

**Джумалиева Тамара Кажғалиевна** – Заслуженный деятель РК, профессор кафедры «Музыкаведение и композиция» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы

**Мусагулова Гүлмира Жаксыбековна**, кандидат искусствоведения, профессор кафедры «Музыкаведение и композиция» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы

**Information about the authors:**

**Tamara Dzhumalievna** – Honored worker of the Republic of Kazakhstan, Professor of the Department of Musicology and composition of the Kurmangazy Kazakh national Conservatory

**Gulmira Musagulova** – PhD in art history, Professor of the Department of Musicology and composition at the Kurmangazy Kazakh national Conservatory